



**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ КІТАПХАНА**

## **БІРІНШІ КУРС СТУДЕНТІНЕ!**

Студент – кейінге қалдыруға болмайтын нәрсені үнемі кейінге қалдырып жүретін адам.

Бәрін ертерек жасауды үйрен, бар күшінді салуды үйрен, нәтижесіне жетуді үйрен.

Уақыт ешқашан бір орында тұрмайды, бірақ егер сен ештеңе жасамасаң, ол үлкен жылдамдықпен жылжиды.

<http://elibrary.kaznu.kz>

+7 (727) 377 33 33, 17- 02  
library@kaznu.kz



# ҚОШ КЕЛДІҢІЗДЕР, БІРІНШІ КУРС СТУДЕНТТЕРІ!

*Құрметті бірінші курс студенттері!*

*Сіздердің өмірлеріңізде мүлдем жаңа, сіздер үшін сыры әлі ашыла қоймаған кезең басталып жатыр.*

*Сіздер шыжығы мен қызығы мол кезең – студенттік шаққа қадам бастыңыздар!*



*Сіздердің алдарыңызда ұзақ және қажырлы еңбекті талап ететін жол - зерттеушінің жолы жатыр.*

*Осы жол бойында біздің кітапхана оқу үдерісін қызықты әрі танымды ету үшін сіздерді оқулықтармен, кітаптармен, журналдармен, газеттермен, электронды ресурстармен қамтамасыз етіп отырады!*



## ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ КІТАПХАНА



Әл-Фараби атындағы кітапхана – бұл Орталық Азиядағы ең үлкен академиялық кітапхана. Кітапхананың ауданы 17000 шаршы метрден асады. ҚазҰУ кітапханасы – университет құрылымындағы ірі оқу-ғылыми бөлімшесі. Кітапхананың мақтанышы – оның 2,5 миллион данадан астам ашық қолжетімділіктегі бірегей қорлары. Кітапханада сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалардың өте құнды қоры бар.

Кітапхана пайдаланушылары үшін лимитсіз WI-FI, ғылыми, оқу және көркем әдебиет абонементтері, оқу залдары, электрондық кітапхана, жеке және топтық сабақ оқу бөлмелері, конференц-залдар, коворкинг-аймақтары, кафе, демалыс аймақтары бар, ноутбукпен отыруға болатын диван мен креслолар қойылған кең холл бар.



## ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ КІТАПХАНА

Сыртқы жағынан да, ішкі жағынан да заманауи, көптеген технологиялық функцияларға толы кітапхана оқырмандар үшін ыңғайлы және ерекше кеңістік ұсынады, оның ішінде:

- ❑ Жаңа келіп түскен кітаптарды қабылдауға; кітап қоймасынан тапсырыс берілген кітапты іздеуге; кітапты қайтаруға; кітап қоймасына инвентаризация жасауға; келушіге кітап беруге; кітаптарды кітапханадан тіркеусіз алып кетпеді бақылауға мүмкіндік беретін RFID технологиясы ұсынылады.
- ❑ Оқырмандарға ашық қордан (кітапхананың оқу залдарынан) RFID-белгілер жапсырылған басылымдарды алып, өзінің оқырман билетіне (оқырманның ID-картасына) өз бетінше тіркеуге және кейін кітапханаға қайтаруға мүмкіндік беретін өзіне-өзі қызмет көрсету станциясы ұсынылады. RFID-технологиялардың көмегімен оқырман өзінің электрондық формулярының жай-күйін тексеріп, оған тізімделген кітаптардың қайтарылу мерзімі және қарызы туралы біле алады.
- ❑ Көп функциялы аппараттар – принтер/сканер /көшіргіш, А2 + форматына дейін әр түрлі құжаттарды цифрлауға арналған планетарлық сканерді қолдануға болады.
- ❑ Барлық мобильді девайстарға арналған бірыңғай зарядтау құрылғылары бар.
- ❑ Интерактивті дисплей, мобильді интерактивті флип-чарттар ұсынылады.
- ❑ «Электрондық сөре» – кітап сөрелерін имитациялайтын сенсорлық экран, оның көмегімен (QR код арқылы) электрондық кітаптарды смартфонға немесе планшетке жүктеуге болады.
- ❑ Барлық залдар мен кабинеттерде планшет кіріктірілген интерактивті трибуналар, моторландырылған экрандар бар.



# КІТАПХАНАНЫҢ ІШКІ ЖАЙҒАСЫМЫ

1-қабат	2-қабат	3-қабат	4-қабат
Абонементтер	Классикалық оқу залы (800 орынға арналған)	Тұңғыш Президент залы	300, 80, 60 орынға арналған конференц-залдар
Әдебиетті жинақтау залдары	Ғалымдар клубы	Абай залы	Көрмелерге арналған холл
Кафетерий	Мерзімді басылымдар залы	Сирек және құнды кітаптар залы	Кофе-брейк аймағы
Гардероб	Әкімшілік	Әлем елдерінің кітап бұрышы	Қонақтарға арналған зал
<b>Әл-Фараби орталығы</b>	Пан Ги Мун атындағы Тұрақты даму институты	Коворкинг-залдар Цифрлау орталығы	Университет макеті
<b>Әл-Фараби музейі</b>	<b>«Ұлы даланың жеті қыры» композициясы</b>	<b>Алаш залы</b>	<b>«Мәңгілік ел» композициясы</b>

## Цокольдық қабат

Кітапхананың жертөле қабатында ақпаратты тасымалдаушыларды сақтайтын кітап қоймасы орналастырылған. Кітап қоймасынан оқырманның көркем әдебиетті оқуға алуына мүмкіндік бар.



# КІТАПХАНАНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ АЙМАҚТАРЫ

**АБОНЕМЕНТ** – бұл кітап беру және қайтару бойынша бірыңғай орын болып саналатын кітапхананың бөлімшесі. Мұнда оқырман кітаптарды үйге ала алады және бұрын алған кітаптарды қайтара алады. Мұнда сіздер көп мөлшерде оқу, оқу-әдістемелік және көркем әдебиет жинақталған абонемент қорынан басылымдар ала аласыздар. Кітап тіркелгеннен кейін сіздің электрондық поштаңызға хабарлама жіберіледі, онда кітапты алған күн, қызмет көрсеткен кітапханашының толық аты-жөні және кітапты қайтару күні көрсетіледі.



*Басылымды пайдалану мерзіміне назар аударыңыздар: кітап қайтару мерзімі – 1 семестр, 1 апта немесе 1 ай.*

*Егер кітапты одан ұзақ мерзімге алғыңыз келсе, онда мерзімін өзіңізге ыңғайлы келесі жолдың бірімен ұзарта аласыз:*

- кітапханаға келіп, абонемент арқылы;*
- 377-33-33, ішкі 17-10, 17-11 телефон нөмірі бойынша;*
- [library@kaznu.kz](mailto:library@kaznu.kz) электрондық поштасы арқылы.*

*Естеріңізде болсын: кітапты белгіленген мерзімнен артық пайдалану – ақылы. Абонементтің жұмысы мен көрсететін қызметтері туралы ақпаратты толығырақ <http://elibrary.kaznu.kz/ru/node/1541> сілтемесінен табуға болады.*





# КІТАПХАНАНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ АЙМАҚТАРЫ

## КЛАССИКАЛЫҚ ОҚУ ЗАЛЫ (800 ОРЫНҒА АРНАЛҒАН)

**Оқу залы** – бұл заманауи көпфункционалды ақпараттық-мәдени және демалыс орталығы. Оқу залында білімнің барлық салаларына арналған әмбебап кітап қоры (оқулықтар, ғылыми және көркем әдебиеттер, анықтамалықтар, энциклопедиялар, конференция материалдарының жинақтары, жаңа кітаптардың көрмесі және т.б.) жинақталған.

### Оқырмандарға келесі қызметтер көрсетіледі:

- электрондық каталогқа, ғылыми және білім беру электрондық ресурстарына қол жетімді компьютерлер мен ақпараттық терминалдар;
- көпфункционалды құрылғы - принтер / сканер / көшіргіш;
- А2 + форматына дейінгі әртүрлі құжаттарды цифрландыруға арналған планетарлық сканер. Сканерленген құжатты тікелей электрондық пошта немесе USB 2.0, USB 3.0 арқылы жіберуге болады;
- өзіне-өзі қызмет көрсету станциялары (студенттер кітапхананың өзіне-өзі қызмет көрсету терминалының көмегімен кітапты өз бетінше ала алады немесе қайтара алады);
- «GOOD ZONE» – буккроссинг-аймақ;
- «Электрондық сөре» – кітап сөрелерін имитациялайтын сенсорлық экран, оның көмегімен (QR кодымен) электрондық кітаптарды смартфонға немесе планшетке жүктеуге болады.





# КІТАПХАНАНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ АЙМАҚТАРЫ

## МЕРЗІМДІ БАСЫЛЫМДАР ЗАЛЫ

Мұнда университет жазылған газет-журналдар орналастырылған. Қамту тереңдігі, мұрағат: университет құрылған күннен бастап. 1907 жылғы газеттер де бар.

Ағымдағы жылда жазылған газет-журналдарды

<http://elibrary.kaznu.kz/ru/node/81> сілтемесі арқылы

қарай аласыз.

## ЭЛЕКТРОНДЫҚ КІТАПХАНА

Электрондық кітапхана – бұл он мыңдаған кітаптарды (оқулықтарды қоса алғанда) қамтитын, бүкіл әлемдегі кітапханалардың каталогтарына, электрондық жазылымдық академиялық дерек қорларға, сонымен қатар электрондық түрдегі мерзімді басылымдарға қол жетімді кітапхана жүйесі. Олармен сіздер тек университет ғимараттарынан ғана емес, үйден де жұмыс жасай аласыздар. Бұл сіздер үшін мүлдем тегін, өздеріңіздің компьютерлеріңізде жұмыс істей отырып, оқуға, кітаптан қажетті материалдардың бөліктерін көшіруге мүмкіндік аласыз.

270 орындық электрондық кітапхана шартты түрде аймақтарға бөлінген: мультимедиялық, лингафондық аймақтар, арнайы графикалық бағдарламалармен жұмыс аймағы, ноутбуктермен жұмыс аймағы, ТВ-аймақ. Сонымен қатар электрондық кітапхана көп функциялық аппаратпен (принтер/сканер/көшіргіш) жабдықталған.







# КІТАПХАНА САЙТЫМЕН ТАНЫСУ

<http://elibrary.kaznu.kz>

The screenshot shows the top navigation bar with links: Главная, О библиотеке, Читателям, Преподавателям, Библиотекарям, Ресурсы. Below this is a search bar and a menu icon. A secondary navigation bar contains: Электронный каталог, Полнотекстовая база данных, Промо, Заказ книги, and Онлайн-справка. The 'Ресурсы' section displays logos for Springer, Scopus, ELSEVIER, IPR BOOKS, OXFORD ACADEMIC, polpred.com, ЭБС, ЮРАЙТ, DIGITAL LIBRARY, UNIVERSITY OF CAMBRIDGE, and WILEY. Below this is a table with five columns:

Аль-Фараби и его наследие	Абай – основоположник новой казахской литературы	Конкурс Библиотеки аль-Фараби	Новое гуманитарное знание	Выставки
Данный раздел посвящен великому мыслителю, ученому-энциклопедисту учителю Востока известному как аль-Фараби	библиографический указатель литературы посвященный 175-летию классика казахской литературы Абая Кунанбайұлы.	Ежегодно библиотека аль-Фараби проводит конкурс среди читателей и студентов. Желательно предлагаем ознакомиться с материалами.	100 новых учебников на казахском языке	Выставка – это публичная демонстрация достижения тех или иных отраслей материальной или духовной сферы общества

## Часто задаваемые вопросы

- Как получить онлайн услуги «Заказ книг» и «Онлайн-справка»? ▾
- Как получить литературу на дом? ▾
- Могу ли я пользоваться полнотекстовой базой данных находясь дома? ▾
- Какой штраф за утерю книги? ▾
- Можно ли забирать литературу на дом из читального зала? ▾
- Как найти литературу в Электронном каталоге? ▾

Сіздердің алдарыңызда **ӘЛ-Фараби атындағы кітапхананың сайты**. Парақтың орталық бөлігінде кітапхананың негізгі бөлімдеріне сілтемелер бар, бөлімдердің әрқайсысына кіру оның атауын (мысалы, «Кітапхана туралы») басқаннан кейін жүзеге асырылады.

Кітапхана туралы барлық негізгі ақпарат **ақпараттық (негізгі) бетте** берілген. Кітапхана ұжымы, құрылымы, тарихы, қызмет көрсету дәстүрлері, басымдықтары және т.б. туралы түсінік алуға мүмкіндік беретін **анықтамалық парақ** бар.

Ресурстарды, т.б. іздеу мүмкіндігін қамтамасыз ететін **іздеу парағы** бар.



# ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУ КЕЗІНДЕ КІТАПХАНАНЫ ҚАЛАЙ ПАЙДАЛАНУ КЕРЕК?

## Электронный каталог

Библиотека аль-Фараби  
Электронный каталог

Электронный каталог

- Авторефераты
- Книги
- Диссертации
- Картотека статей
- Периодика
- Редкий фонд
- Электронные ресурсы

Выбрать все

Поисковые режимы

- Простой поиск
- Расширенный поиск
- Профессиональный поиск

Авторизация

Фамилия

Пароль

Сиглы

Доступ к электронным каталогам

Простой поиск

Ключевые слова:

Настройки отображения записей

Печать записей

Кіру негізгі мәзір бөлімінің «ЭЛЕКТРОНДЫҚ КАТАЛОГ» батырмасы арқылы жүзеге асырылады.

Іздеуді бастау үшін «Электрондық каталог» өрісіндегі сол жақтағы ашылған «Авторефераттар», «Кітаптар», «Диссертациялар», «Мақалалар картотекасы», «Мерзімді басылымдар», «Сирек қор», «Электрондық ресурстар» деген тізімнен керек дерек қорын таңдап, «Электрондық каталогтарға қол жетімділік» іздеу өрісінде Іздеуді жүзеге асыру керек.



## ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУ КЕЗІНДЕ КІТАПХАНАНЫ ҚАЛАЙ ПАЙДАЛАНУ КЕРЕК?

### Электрондық каталог

«Диссертациялар» және диссертациялардың «Авторефераттары» дерек қоры – кітапхананың электрондық каталогының бөлігі, кітапхана қорында 1937 жылдан бастап жинақталған. Бұл базада диссертациялар авторефераттарының библиографиялық сипаттамалары бар («Толықмәтінді дерек қорда» толық мәтіндері бар).

«Кітаптар» дерек қорында кітапхана қорында бар кітаптардың библиографиялық сипаттамалары берілген.

«Мақалалар картотекасы» дерек қорында қазақ, орыс және басқа тілдердегі журналдардан, ақпараттық басылымдардан, жинақтардан және біршама газеттерден алынған мақалалардың библиографиялық жазбалары берілген. Хронологиялық қамтылуы 1993 жылдан басталады.

«Мерзімді басылымдар» дерек қорында мерзімді басылымдардың – журнал, газет, ақпараттық басылымдардың библиографиялық жазбалары берілген. Журналдардың қамтылуы 1966 жылдан бастап, газеттердікі 1907 жылдан басталады.

«Электрондық ресурстар дерек қоры» – аудио- және бейнематериалдардан тұратын, аудиотыңдау және видеоқаралым жасау мүмкіндігі бар бірегей дерек қоры («Толықмәтінді дерек қорын» қараңыз).



# ЭЛЕКТРОНДЫҚ КАТАЛОГ

Сізге қажет кітапты табу үшін *Кітапхананың* <http://elibrary.kaznu.kz/ru/> сайтындағы «Электрондық каталог» батырмасын пайдаланыңыз. Электрондық каталогтан кітапхана қорларындағы барлық білім салалары бойынша кітаптарды, мақалаларды, авторефераттар мен диссертациялары, аудио-, видео-, электрондық басылымдарды, сонымен қатар толықмәтінді құжаттарды табуға болады.

*Электрондық каталог* кітапхананың баспа, аудиовизуалдық, электрондық құжаттары қорының құрамы мен мазмұнын ашады және кітапхананың ақпараттық ресурстарына еркін қол жетімділікті қамтамасыз ету үшін қызмет етеді.

Главная О библиотеке Читателям Преподавателям Библиотекарям Ресурсы RU Поиск...

## Библиотека аль-Фараби

Каззахский национальный университет имени аль-Фараби

Электронный каталог Полнотекстовая база данных Промо Заказ книги Онлайн-справка



# ІЗДЕУ РЕЖИМДЕРІ

## КЕРЕК ӘДЕБИЕТТІ ІЗДЕУ

Келесі қадам: «Іздеу режимдері» («Поисковые режимы») ішінен іздеу түрін таңдаңыз: «Жай іздеу» («Простой поиск») немесе «Кеңейтілген іздеу» («Расширенный поиск»). «Кілт сөздер» («Ключевые слова») өрісіне кітаптың авторын, атын немесе кілт сөздерін теруге болады.

The screenshot shows the website interface for 'Библиотека аль-Фараби'. On the left, there are navigation menus for 'Электронный каталог' (with search filters like 'Авторефераты', 'Библиотечная БД', etc.), 'Поисковые режимы' (with options for 'Простой поиск', 'Расширенный поиск', etc.), and 'Авторизация' (with fields for 'Фамилия' and 'Пароль').

The main content area shows search results for the query 'История'. It displays a book cover for 'История Казахстана' and a detailed bibliographic record. The record includes the title 'История Казахстана', authors 'Т. Т. Турлыгул, С. Ж. Жолдасбаев, Л. Т. Кожакеева', and publication details. It also shows the number of copies and options for borrowing.

**Жай іздеу**  
жекелеген  
библиографиялық  
жазбалар бойынша  
іздеуге мүмкіндік  
береді.

**Кілт сөздер – бұл**  
басылымның  
тақырыбын ашатын  
сөздер, оларға кітап  
атынан, андатпадан,  
пәндік айдардан  
алынған жекелеген  
сөздер жатады. Бұл  
неғұрлым жан-жақты  
іздеуді қамтамасыз  
етеді, бірақ дәлдікті  
азайтады.

# ІЗДЕУ РЕЖИМДЕРІ

## КЕҢЕЙТІЛГЕН ІЗДЕУДІ ДЕ ПАЙДАЛАНУҒА БОЛАДЫ

«Кеңейтілген іздеудің» ерекшеліктері: іздеудің қосымша жағдайларын көрсетіп, мысалы, кітаптың авторын, атауын, шыққан жылын, құжаттың сипатын (*баспа / электрондық*), кілт сөздерін жазу арқылы іздеуге болады.



Библиотека аль-Фараби  
Электронный каталог

Электронный каталог

- Авторефераты
- Библиотечная БД
- Диссертации
- Картошка статей
- Периодика
- Редкий фонд
- Электронные ресурсы

Выбрать все

Поисковые режимы

- Простой поиск
- Расширенный поиск

Авторизация

Фамилия

Пароль

Доступ к электронным каталогам

Расширенный поиск

Автор: СУЛЕЙМЕНОВ, ОЛЖАС

Заглавие: Код слова

Ключевые слова: словарь

Год издания: с 2012 по 2020

Характер документа: Монография

С электронными версиями:

Поиск Сброс

Настройки отображения записей

Выбрано 0 записей

Показать выбранные  
Снять выделение

Статистика

Начиная с даты:	27-01-2016
Посещений сегодня:	23
Посещений за месяц:	878
Посещений всего:	58329
Поисков в каталоге сегодня:	87
Поисков в каталоге за год:	199548
Поисков в каталоге всего:	744462

1

Библиографическая запись Учебное назначение Электронные версии

Книга

Сүлейменов, Олжас Омарович.  
Код слова. Введение в Универсальный этимологический словарь "1001 слово" [Текст] : монография / О. О. Сулейменов. - 2-е изд. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2014. - 85, [1] с. - ISBN 978-601-04-0542-4 : 774.52 тг.  
Примечания об особенностях:  
Экз. 1393636 :  
Экз. 1393637 :  
Экз. 103 экз. б/н :

Полочный шифр Систематические индексы Рубрики Ключевые слова

Книгообеспеченность

Печать записей



# ТОЛЫҚМӘТІНДІ ДЕРЕК ҚОРЫ

RU

Главная Ресурсы О библиотеке Читателям Преподавателям Библиотекарям

## Библиотека аль-Фараби

Казахский национальный университет имени Абылхана Кастеевича

Электронный каталог Полнотекстовая база данных Промо Заказ книги Онлайн-справка

## ӘЛ-ФАРАБИ КІТАПХАНАСЫНЫҢ ДЕРБЕС ТОЛЫҚМӘТІНДІ ДЕРЕКТЕР ҚОРЫ БАР

*Толықмәтінді деректер қоры* – бұл құжаттардың немесе олардың бөліктерінің толық мәтіндерінен тұратын мәтіндік база. Біздің кітапхана қорындағы кітаптардың электрондық нұсқалары.

1. Ол үшін кітапхананың <http://elibrary.kaznu.kz> сайтына кіріңіз.
2. «Толық мәтінді деректер қоры» мәзірін таңдап, тіркеліңіз.



# ТОЛЫҚМӘТІНДІ ДЕРЕК ҚОРЫ



Библиотека Аль-Фараби

Полнотекстовые базы данных

[Регистрация](#) [Войти](#)

[Сайт библиотеки](#)

[Электронный каталог](#)

[Заказать книгу](#)

[Онлайн-справка](#)

[Правила пользования сайтом](#)

## Регистрация

Имя *	<input type="text" value="Туенбаева"/>
Фамилия *	<input type="text" value="Калима"/>
Отчество	<input type="text"/>
ВУЗ *	<input checked="" type="radio"/> КазНУ <input type="radio"/> Другой <input type="radio"/> Не ВУЗ
Факультет *	<input type="text" value="Факультет истории, археологии и этнологии"/>
E-Mail *	<input type="text" value="kalima_t@mail.ru"/>
Категория читателя	<input type="text" value="Преподаватель"/>
Пароль *	<input type="password" value="....."/>
Повторите пароль *	<input type="password" value="....."/>

[Зарегистрироваться](#)

Толықмәтінді деректер қорына **толық қол жеткізу үшін** сіз суретте көрсетілген парақтың барлық өрістерін толтырып, бір рет **тіркелуіңіз** және электрондық поштаңыз бен пароліңізді есте сақтауыңыз керек.

«Тіркелу» («Регистрация») мәзірін таңдайсыз да өз мәліметтеріңізді толтырасыз. Егер сіз біздің университеттің студенті болсаңыз, «КазНУ» батырмасын басасыз, егер сіз басқа жоғары оқу орнының студенті немесе оқытушысы болсаңыз, өз оқу орныңызды шығатын мәзірден таңдайсыз. Егер сіз сайтта тіркеліп қойған болсаңыз, онда дерек қорына кіре бересіз.





# ТОЛЫҚМӘТІНДІ ДЕРЕК ҚОРЫ

**Библиотека Аль-Фараби**  
Полнотекстовые базы данных

Регистрация Войти

Сайт библиотеки Электронный каталог Заказать книгу Онлайн-справка Правила пользования сайтом

### Поиск по каталогу

Труды аль-Фараби  
 Книги  
 Новое гуманитарное знание. 100 новых учебников на казахском языке  
 Авторефераты  
 Диссертации  
 Юридическая литература

Автор: \_\_\_\_\_  
Заглавие: \_\_\_\_\_  
Код слова: \_\_\_\_\_  
Ключевые слова: \_\_\_\_\_

[Сбросить](#) [Расширенный поиск](#) [Поиск](#)

#### Популярные книги 2020

Қазақстан Республика...	2515
Ұстаздың оралуы. Жау...	1911
Медициналық биотехно...	1655
Шақан-Шері және әдеп...	1538
Адам анатомиясы	1495
Әлеуметтану теориясы...	1486

4  
С 89  
Сулейменов, Олжас Омарович  
Код слова. Введение в Универсальный этимологический словарь "1001 слово" [Текст] : монография / О. О. Сулейменов. - 2-е изд. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2014. - 85, [1] с. - ISBN 978-601-04-0542-4 : 774.52 тг.

[Читать](#)

2

1. Тіркелгеннен кейін дерек қоры ашылады.
  2. «Каталог бойынша іздеу» («Поиск по каталогу») мәзірінде керек бөлімдерді белгілейсіз де іздеу жасайсыз.
  3. «Оқу» («Читать») батырмасына басасыз, экранда оқу үшін кітап ашылады.
  4. Егер керек кітап деректер қорында болмаса, онда «Кітапқа тапсырыс» («Заказать книгу») батырмасының көмегімен кітаптың оқуға арналған электрондық нұсқасына кітапхана қорына тапсырыс беруіңізге болады. Кітапқа тапсырыс берген соң сіздің электрондық поштаңызға тапсырысты қабылдау туралы және оны орындау мерзімі туралы хабарлама жіберіледі.
- Орындалған тапсырыс оқу үшін «Толықмәтінді деректер қорына» жіберіледі.



## ЖАЗЫЛЫМДЫҚ ДЕРЕК ҚОРЛАРЫ

Кітапхана электрондық ресурстардың жазылымдық дерек қорларына (ЖДК) қашықтықтан қол жеткізуді қамтамасыз етеді. **Жазылымдық дерек қорлары** – жазылуды университет рәсімдейтін лицензиялық деректер қоры (электрондық оқулықтар, кітаптар, отандық және шетелдік баспалардың журналдары).

 Springer	<a href="https://link.springer.com/">https://link.springer.com/</a>
Scopus	<a href="https://www.scopus.com/search/form.uri?display=basic">https://www.scopus.com/search/form.uri?display=basic</a>
ELSEVIER	<a href="https://www.sciencedirect.com/">https://www.sciencedirect.com/</a>
OXFORD ACADEMIC	<a href="https://academic.oup.com/journals">https://academic.oup.com/journals</a>
WILEY	<a href="https://www.onlinelibrary.wiley.com/">https://www.onlinelibrary.wiley.com/</a>
polpred.com	<a href="https://polpred.com/news">https://polpred.com/news</a>
 IPR BOOKS ЭЛЕКТРОННО-БИБЛИОТЕЧНАЯ СИСТЕМА	<a href="http://www.iprbookshop.ru/">http://www.iprbookshop.ru/</a>
 ЭПИГРАФ ЭЛЕКТРОННО-БИБЛИОТЕЧНАЯ СИСТЕМА	<a href="https://mbook.kz/ru/index/">https://mbook.kz/ru/index/</a>
 ЛАНЬ ЭБС ИЗДАТЕЛЬСТВА «ЛАНЬ» www.e.lanbook.com	<a href="https://e.lanbook.com/">https://e.lanbook.com/</a>
 ЮРАЙТ ЭЛЕКТРОННАЯ БИБЛИОТЕКА	<a href="https://www.biblio-online.ru/info/how-to-use">https://www.biblio-online.ru/info/how-to-use</a>



# КІТАПХАНА ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕ

**БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ДЕ  
ТАБА АЛАСЫЗДАР:**



<https://www.instagram.com/elibrary.kaznu/>



<https://www.facebook.com/798152613693088/posts/1665253690316305/?app=fbl>



[https://twitter.com/Lib\\_al\\_Farabi](https://twitter.com/Lib_al_Farabi)



[https://vk.com/library\\_al\\_farabi](https://vk.com/library_al_farabi)



# БІЗДІҢ ОҚЫРМАНДАРҒА

## ҚЫМБАТТЫ ОҚЫРМАНДАР!


Кітапханашылар әрқашан оқырмандарына қажетті ақпаратты табуға көмектесуге дайын. Біз сіздердің идеяларыңызды, ұсыныстарыңызды қабылдауға дайынбыз.

**БІЗ СІЗДЕРДІ КҮТЕМІЗ ЖӘНЕ КІТАПХАНАМЫЗДА КӨРУГЕ ҚУАНЫШТЫМЫЗ!**





# БІЗДІҢ МЕКЕН-ЖАЙ МЕН БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНДАРЫМЫЗ



## Мекен-жайымыз:

050040 ҚР, Алматы қ.,  
әл-Фараби д-лы, 71/27  
әл-Фараби кітапханасы



**+7(727) 377 33 33** (+ ішкі  
нөмірін теріңіз (кітапхана сайтында  
«Кітапхана туралы» → «Кітапхана  
байланыстары» )



**library@kaznu.kz**